Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

19 қазан сейсенбі
№83 (1785)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

БІЛІМ

Осы оқу жылының ІІІ тоқсанынан бастап еліміздегі мектептерде бірінші сынып оқушыларына арналған цифрлық сауаттылық пәні енгізіледі. Осы жаңалық өткен аптада еліміздің көптеген ақпарат көздеріне жарияланды. Республикалық ақпарат көздерін елең еткізетіндей бұл қандай пән? Жауапты министрлік не дейді? Шынымен енгізілетін пән болса облыстың дайындығы қалай?

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ: ІІІ ТОҚСАННАН БАСТАП ЖАҢА ПӘН ҚОСЫЛАДЫ

Алдымен министрліктің ақпарына назар аударайық.

«Оқу бағдарламасы сұраныс пен уақыт талаптарына сәйкес болуы тиіс. Бүгінгі таңда цифрлық әлемнің қарқынды дамып жатқанын көріп отырмыз. Қазір смартфондар мен компьютерлерді мектепке дейінгі кіші жастағы балалар пайдаланып жатады. Цифрлық сауаттылық – оқу мен жазу сияқты негізгі дағдылардың біріне айналып келеді. Сондықтан балаларды цифрлық сауаттылық және ақпараттық қауіпсіздік негіздеріне мүмкіндігінше ертерек үйрету маңызды. Әлбетте, жаңа пәнді оқыту барысында балалардың жас ерекшеліктері де ескерілетін болады», – деп атап өтті ҚР БҒМ мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрайымы Гүлмира Кәрімова.

Жаңа пәнді енгізу Қызылорда облысының дайындығы қалай? Біз бұл сұрақтың жауабын білу мақсатында облыстық білім басқармасына хабарластық.

«ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. Пән мазмұны мен оқу жүктемесі өзгертілген жоқ.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді).

2 БЕТТЕ

ЖОЛДАУ

ҚАЗАҚСТАН – ВАКЦИНА ЖАСАП ШЫҒАРҒАН САНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ БІРІ

«Бірінші байлық – денсаулық». Бұл сөздің мағынасын дәл қазіргі уақыт қатты ұғындырды. Бүгінде денсаулық саласы – басты назарда. Әлемді жайлаған пандемия, елімізде болған төтенше жағдай мен карантиндік режим халықты әуре-сарсаңға салды. Бір сөзбен айтқанда ұлт саулығы – мемлекеттің басым бағыттарының бірі екенін тағы бір дәлелдеді.

Соңғы екі жылда адам тағдыры мен денсаулығы қатты сыналды. Елімізде дерттің әлегімен алысқандар да, оған төтеп бере алмағандар да жетерлік. Саусақпен санауға әсте келмес. Бұл қиын қыстау кезең денсаулық саласының өкілдеріне де оңайға соқпады. Олар халықтың амандығы үшін күні-түні аяқтан тік тұрып қызмет етті.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты биылғы Жолдауында денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру керегін ашық айтты.

– Біз уақыт ұттырмай індетпен күресу шараларын дереу қолға алдық. Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі. Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екеніне еш күмән жоқ. Қазір QazVac-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде. Елімізде вакцина қоры жеткілікті, азаматтарымыздың таңдау мүмкіндігі бар. Көптеген мемлекеттің бұған қолы жетпей отыр. Елімізде жаппай екпе салу жүріп жатқанымен, қоғамда оған қарсы адамдар әлі де көп. Олар өздері бас тартып қана қоймай, халықты кері үгіттеуде. Соның кесірінен қаншама жұртты адастыруда. Мұндай адамдар өзінің ғана емес, өзгенің өмірі үшін де жауап беретінін түсінуге тиіс. Сондықтан екпе алуға қарсы үгіттеп жүргендердің жетегінде кетпеген жөн. Адамзат көптеген індетті бастан өткерген. Вакцина пайда болғаннан кейін ғана қауіпті дерттерге тосқауыл қойылғанын ұмытпауымыз керек, – деді Президент.

Қызылорда облысында соңғы мәлімет бойынша вакцина алғандар саны І компонентті 87,9, ІІ компонентті 70,4 процентті құрап отыр. Бүгінде елімізде жағдай біршама тұрақты. Дегенмен қауіп әлі сейілген жоқ. Себебі облыс бойынша 17 қазанда 22 жағдай тіркелген. Оның 18-і симптомды, 4-і симптомсыз.

Мемлекет басшысы медицина саласындағы өзге дерттің тасада қалмауын ашып айтты. Расында, коронавирусқа қатысы жоқ дегенмен адам өміріне қауіп төндіретін ауруларды да естен шығармаған абзал. Бүгінде медицинада вакцина салдыруға басымдық беріліп, жоспарлы скринингтер мен ота жасау кейінге қалуда. Сондай-ақ бұрыннан бар стандартты екпелер көптеген балаларға салынбай қалуда. Президент өз Жолдауында мұндай келеңсіздіктерге жол бермеуді тапсырды. Сонымен қатар медицина саласына қомақты қаржы құю керектігін баса айтты. Бұл қаражат инфрақұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалады. Оның ішінде фармацевтика өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлу қажет екенін атап өтті. Себебі вируспен күрес кезінде дәл осы сала еліміздің бәсекеге қабілеті мен қауіпсіздігі үшін маңызды екеніне көзіміз жетті. Сондықтан медицина өнімдерін зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін орталық құруды тапсырды.

– Жолдауда көрсетілгендей, «Дені сау ұлт» жобасы аясында еліміздегі 12 зертхана жоғары технологиялық құралдармен жабдықталмақ. Бұл өз кезегінде медициналық қызметтің сапасын арттырып, халықтың жағдайын жақсартуға септігін тигізетініне сенімдімін. Алдағы 2022-2025 жыл аралығында республикалық бюджет есебінен сол жағалаудан 300 төсекке арналған көпбейінді аурухана, қан орталығының құрылысын іске асыру жоспарлануда. Сондай-ақ 2023 жылы ауысымына 250 келушіге арналған емхана құрылысын бастау көзделуде. Сонымен бірге облыстық бюджет есебінен 2022-2025 жылдар аралығында Баймұрат батыр ауылы, Сабалақ саяжайында, «Наурыз» шағын ауданында дәрігерлік амбулатория салынады. Ал Досан ауылы, Ягодка, Эдельвейс саяжайларында медициналық бекеттердің құрылысын жүргізу қолға алынуда, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов.

Сондай-ақ Жолдауда «денсаулық кепілі – дене шынықтыру» екені анық айтылған. Осыған байланысты алдағы уақытта халықтың спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалатын болады.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

Қазақ әдебиетіндегі қабырғалы қаламгердің бірі де бірегейі – Сәбит Мұқанов. Оның көптеген шығармалары әлі күнге дәуір биігінен бәсеңдемей келеді. Ол әдебиет пен мәдениеттің алтын қазығы, жел жетпес жүйрігі. Әдебиеттің барлық салаларына қалам тартқан әмбебап жазушы. Бұл уақыт айқындаған тарих шындығы.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ШЫҚҚАН БАСЫЛЫМ РЕДАКТОРЫ БОЛДЫ

Өз заманында қаламдастарымен қатар поэзия, проза, драматургия және әдеби сын-зерттеу салаларында көптеген еңбектер жазды. Жастайынан тағдырдың кермек дәмін татса да бойына біткен қажыр-қайратымен жарқын болашақ жолында жалынды іс атқара білді.

Болашақ қаламгер жастайынан қисса-дастандар жаттауға бейім болып ержетті. Сол заманғы әдеби кітаптарды ынтазарлықпен оқып, оқу-жазуға деген талабы жыл өткен сайын арта түсті. Осылайша өнер білімге деген қызығушылығы ерте жастан оянды. Абай мен татар ақыны Тоқайдың өлең кітаптарын оқи жүріп, ақындық сана сезімі өзгереді. Көңілінде өлең жазып, ақын болу арманы арта түседі.

1919 жылы тұңғыш рет «Бостандық» атты жаңа кітабы жарық көрді. Ол осы басылымда талантын жаңа қырынан таныта білді десек қателеспейміз. Себебі ол осыдан бастап қаламгерлік жолға біржолата бет бұрып, көптеген өлеңдер мен поэмалар жаза бастайды. Жоғарыда жазғанымыздай, Сәбит Мұқановтың оқу білімге деген құштарлығы жас кезінен басталған. Ол бойындағы білімге деген құштарлығымен 1918-1919 жылдары Омбыдағы мұғалімдер курсында оқиды. Осында жүріп Мағжан Жұмабаевпен тұңғыш рет жүздеседі. Содан кейін 1922 жылы рабфакқа (жұмысшы факультеті) түсіп, оны 1926 жылы бітіріп шығады. 1922 жылы өзі іздеп барып, сол кездегі үкімет басшысы әрі аты аңызға айналған ақиық ақын Сәкен Сейфуллинмен танысады. Бұдан әрі екеуі идеялық бірлікте болып сыйластықта ғұмыр кешеді. Сәкен мен Сәбит тілек мақсат жолында тұтасып кеткен қайраткерлер екенін осы мақаланы жазу барысында ізденген кезде ғалым Тұрсынбек Кәкішовтің жазбаларынан байқадық.

20-жылдардың екінші жартысында ақын шығармашылығында үлкен ілгерілеу болды. Атап айтар болсақ, «Сұлушаш» дастаны мен «Адасқандар» романы жарық көрді. Ал 30-жылдары оның қазақ поэзиясына тың ізденістер әкелген өлеңдері жарияланды. Соның бірі 1933 жылы жазылған «Майға сәлем!» өлеңі. Ақын осы өлең жолдарында былай деп келтіреді.

«Мың сәлем саған,
Мәңгі, жолдас Майым!
Сен жылда жас жігіт боп келген сайын,
Жер жібек, барқыт киіп,
Жасыл желек.
Бүркенеді үйеңкі, терек, қайың.
Басқаға қымбат, саған тегін, арзан,
Түрлі гүл: інжу, жақұт, лағыл, маржан.
Үстіңде төгіледі, үкің бұлт, қалпағың күн», – деп жазады. Мұнда байқағанымыздай жаз мезгілінің осы кезеңін әсерлі өргені анық байқалып тұр. Бұл өлеңнен оның сол кезеңдегі ішкі сезімін аңғару қиын емес.

2 БЕТТЕ

Нұрбек ӘЗІРБЕК,
қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы:

«КҮРІШ ТОЛЫҚ ОРЫЛДЫ»

«Жайқалған ақ күріші,
Жаралған шаттық үшін», – деген ақын Зейнолла Шүкіровтің өлең жолдары Ақмешіттің ақмаржанын әспеттей түскендей. Сыр салысы бүгінде әлемдік деңгейдегі өнімдер қатарында тұр. Ауыл шаруашылығы еліміздің күретамыры саналады. Әлеумет әлеуетінің артып, ел экономикасының өсіп-өркендеуіне өз септігін тигізіп келеді.

Биылғы орын алған қуаңшылыққа қарамастан сырбойылық диқандар елге қажетті өнім жинады. Бұл – дала дарабоздарының еселі еңбегі екені.

Жер анадан несібесін тауып, еңбегімен ер атанған Ыбырай Жақаев, Сәлима Жұмабекова, Жадыра Таспамбетова сынды еңбек ерлерінің даңқты жолын бүгінгі ізбасарлары дәріпті жалғастырып келеді.

Топырағы құнарлы, шөбі шұрайлы, суы тұнық Сыр өлкесін Асанқайғы іздеген Жерұйыққа теңесе жарасып-ақ тұрғандай.

Биылғы жылы өнім көлемі жылдағы мөлшермен салыстырғанда қай деңгейде? Егілген өнім толық жиналып болды ма? Осы және өзге де сауалдардың жауабын қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбек Әзірбектен сұрап білдік.

2 БЕТТЕ

ЖӘРМЕҢКЕ ЖҰРТ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚТЫ

Жылдағы дәстүр бойынша қыркүйек, қазан айларында әр апта сайын жәрмеңке ұйымдастырылады. Ондағы басты мақсат – азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру.

Аталған жәрменке Қызылорда қалалық тауар өндірушілері мен кәсіпкерлердің қатысуымен Тағзым алаңында өтті. Қала әкімі Ғанибек Қазантаев азық-түлік пен тауарлар бағасының бағамын бақылады.

Жәрмеңкеге 64 автокөлікпен барлығы 116 тонна азық-түлік тауары жетті. Атап айтқанда 15 тонна картоп, 9,6 тонна сәбіз, 7,5 тонна жуа әкелінді. Сондай-ақ 20 тонна ақ күріш, 7000 дана өсімдік майы, 500 кг нан, 1,2 тонна жылқы еті және т.б. жаныңа керектің бәрін табуға болады. Мұнда өнімдер қалтаға қонымды бағада сатылды.

Азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында ауыл шаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі 4-ші желтоқсанға дейін жалғасады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ШЕТЕЛГЕ НЕГЕ ҚҰМАРМЫЗ?

Қазіргідей ақпарат толастамаған кезеңде жаңалыққа таңғалудан да қалдық. Алайда ел құлағын елеңдетер жаңалық осы болар. Соңғы 6 жылда елден кеткендердің саны шектен тыс артуда. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, биыл алты айда елімізден 14 мыңнан аса адам шетелге қоныс аударған. Дерек бойынша шекара асқандардың көбі орталық, оңтүстік, шығыс Қазақстаннан. Қынжылтатыны сол, елден кеткен отандастардың 2400-і техник, 1200-і экономист, 678-і педагог, 417-сі медицина қызметкері. Оған қоса 400-ден астам заңгер мен сәулетші де шекара асқан. Бұл цифр ел экономикасына кері әсерін тигізетіні анық.

4 БЕТТЕ

Нұрбек ӘЗІРБЕК,
қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы:

«КҮРІШ ТОЛЫҚ ОРЫЛДЫ»

– Қызылорда қаласындағы ауыл шаруашылығы бойынша жалпы өнім көлемі 4,1 млрд теңгені құрап, өнімнің нақты көлемінің индексі өткен жылмен салыстырғанда 2,9 процентке артып, өсімдік шаруашылығы 103,3 процентке, мал шаруашылығы өнімдері 102,6 процент құрады. Биыл 8905 гектарға егін егілді. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 4113 гектар, дәнді дақыл 657 гектар, майлы дақыл 40 гектар, бау-бақша, көкөніс 2818 гектар, мал азықтық дақыл 1278 гектарға егілді.

Күріштің вегетация кезеңінде агротехникалық шаралар сақталып, 3850 гектар күріш тыңайтқыштармен үстеп қоректендірілсе, арамшөптерге қарсы 3469 гектарға химиялық өңдеу жүргізілді. Егістікті сумен қамтамассыз етуде барлығы 86,3 мың текше метр топырақ, шаруашылық аралық және ішкі шаруашылық каналдарынан шығарылып тазартылды. 1 кент, 5 елді мекенге 8 насос құрылғысы орналастырылды. Оның ішінде атап айтар болсақ, Қосшыңырау, Ақсуат, Қызылөзек, Талсуат және Белкөл кентінде су насосы орнатылды. Егілген 524 гектар бидайдан 274 тонна өнім алынып, орташа өнім 7,5 центнерді құрады. Сондай-ақ 87 гектар арпадан 43 тонна өнім алынып, орташа өнім 5 центнерден, 40 гектар мақсарыдан 6 тонна, 40 гектар соргодан 40 тонна өнім алынып орташа өнім 10 центнерден келді. Сонымен қатар картоптан 6450 тонна, көкөністен 17397 тонна, бақшадан 13167 тонна өнім жиналды, – деді қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбек Әзірбек.

Бүгінде күріш толық орылып, 3800 гектары бастырылды. Орташа өнім 51,5 центнерден келуде. Суды үнемдеу мақсатында күрішті көшеттеп егу технологиясы еліміз бойынша алғаш рет біздің өңірде қолға алынды. «Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» ЖШС мен «Golden Bridge Turan» ЖШС бірлесіп, жапон технологиясымен 155 гектар жерге Өзбекстанның «Лазурный» және «Искандер» сорттарын еккен.

Қала тұрғындарын көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Қарауылтөбе ауылдық округінен 10 гектар егістік жер бөлініп, тоқсанға жуық тұрғын бақша дақылдарын егіп, өнімдерін жинап алды. Тамшылатып суару технологиясымен Қарауылтөбе ауылдық округінде 4 гектар қызанақ және Қызылөзек ауылдық округінде 8 гектар картоп егілді.

«КазАгроМир» ЖШС-ның құны–1,1 млрд теңгені құрайтын Ақсуат ауылдық округінде көлемі 2,2 гектар автоматтандырылған кешенді жылыжай құрылысы жұмыс жасауда. Автоматтандырылған жылыжай кешені былтыр іске қосылып, 165 тонна қияр өндірсе, биыл 120 тонна қияр жинап, қала аумағындағы сауда үйлеріне төмен бағада ұсынылды.

Барлығы 343 млн теңгеге 13 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. «КазАгроҚаржы» АҚ-дан – 4, өзге қаржы институттарынан – 8, өз қаражаты есебінен – 1 ауыл шаруашылығы техникасы алынды. Көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізуге 737 тонна дизель отыны жұмсалды. «РК Мұнай» және «Нефть-Транс-Қызылорда» ЖШС қажетті дизель отынын арзандатылған бағамен шаруашылық құрылымдарына дер кезінде жеткізіп отырды. Бұл да жұмыстың жүйелі жүруіне септігін тигізгені сөзсіз. Ала жаздай кетпен, күрегін арқалап дала төсін дүбірге бөлеген еңбек ерлерінің ерен істері қай кезде де құрметке лайықты.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

ҚЫЗЫЛОРДАДА ШЫҚҚАН БАСЫЛЫМ РЕДАКТОРЫ БОЛДЫ

Сәбит Мұқанов 73 жыл ғұмырында артына өшпес ғибратты із қалдыра білді. Соның жарқын айғағы қазақ әдебиетіндегі «Сұлушаш», «Адасқандар», «Ботагөз», «Өмір мектебі» шығармалары болатын. «Сұлушаш» романының «Кілт» дейтін тарауы таза ақиқатқа негізделген. Ал ақиқат қаншама қарапайым болғанымен ешқашан естен шықпайтындай қасиетке ие. Сәбиттің жастайынан көрген қиыншылықтары сәби көңіліне шер болып байланғаны жасырын емес. «Неге тудым?» деген алғашқы өлеңнің өзі түйсіне білген адамға терең сыр сездіреді.

«Бай баласын сүйгенде шешелері,
Жүрегім суық мұзға төселеді.
Менің де сондай сүйер шешем болса,
Көңілім қандай болып өсер еді?
Бұл қалыппен өткізіп біраз жылды,
Көріме алып кіремін қайғы-мұңды», – деп тебірене жыр жаздырған қалам қуаты болатын.

Заманым келді деп атқа да қонды. 1916-1917 жылдары дауыл екпінін күшейтуге үлес қосты. Бостандықты жырға қосты. Түпкі ойын бүкпесіз ашық айтты. «Бостандық» деп аталатын туындысында:

Күш жоқ кезде күштілерден жасқандық,
«Ах, кедейлер, – деп жүрмеңдер, – бос қалдық».
Еңбек етсең, білім, өнер сенікі,
Өзің ие, міне, саған бостандық! – деп сөзбен қолдау көрсетті. Ерлік көңілмен, өткір өлеңмен қайрау керектігін түсінді. Өлеңін сәндеп, ажарлап жазуға уақыты болмады. Өйткені оған сол замандағы аттың жалы, түйенің қомындағы мың сан шаруа мұрсат бермеді. Бұл кез келген көзі ашық адамға түсінікті де болатын. «Адасқандар» романына сол кезеңдегі бай балаларының шалыс қадамын арқау етіп, алашшыларды таң қалдырғаны бөлек әңгіме.

1925 жылы Қызылорда ел астанасы болған жылдары Сыр өңірінде басылған «Еңбекші қазақ» газетінде А.Сегізбаев, К.Ғабдуллин, Н.Жолдыбаева, С.Сейфуллин, Т.Арыстанбековтермен қызметтес болып, газетке бас редактор болып жетекшілік жасады.

«Біз еңбегімізбен дән өсіріп жатырмыз. Жазушылар мен ақындар елдің ырыс-берекесін жасап жатқан біздерге көз қырын көбірек салса, құба-құп болар еді. Астанадағылар еккен дәнді, өріс толған малды келіп көрсін. Жазушыларыңа, ақындарыңа соны айта бар».

1947 жылы күріш дақылынан мол өнім алып, дүниежүзілік рекордтық көрсеткішке қол жеткізген даңғайыр диқан Ыбырай Жақаевтың дархан көңілінен шыққан сөзіне Сәбит Мұқанов:

– Ыбеке, айтамын, жеткіземін, тілегіңізді!, – деген екен. Аманатқа қиянат жасамады. Жеткізді де. «Сырдария» романын еңбек даласының алыбы Ыбырай Жақаевқа арнай отырып, қарапайым еңбекші халықтың ел ішіндегі тыныс-тіршілігін суреттеген болатын.

Иә, расыменде дала дарабозының аузынан шыққан ақиқаттың айтары да, аландатары да бар екен. Анығында елдің ырысын да, берекесін де жасап жатқан еңбекші қауым емес пе?

Халықтың қайнаған ортасынан шығып, сол халқының рухани әлемін көркейтетін сүйікті жазушысы бола алған қаламгер қарапайым еңбек адамының хал-ахуалын артық ұғынса керек. Диқанның орынды айтылған сыни назы жазушыға қаламгердің көптен көкейінде жүрген кейіпкерінің атынан айтылғандай әсер етті.

«Сырдария» романын жазу барысында жазушы Сыр бойының табиғатына байланысты аңыз-әңгімелер мен тарихи деректерді тірнектеп жинай жүріп, жергілікті еңбек адамының жан-дүниесіне де үңілуге ерекше ықылас қоя білген. Кіммен болса да ортақ тіл тауып, әңгімелесе алатын Сәбит Мұқанов Ыбырай Жақаевпен де ауылдағы арық жағасында ел мен жер жайы туралы емен-жарқын сыр шерткені белгілі.

Бұл күндері сол сырлас та, сыйлас та болған екі асылымыздың тұрған үйлері де мұражайға айналған. Әрқайсысының өзіндік үні, шертер сыры бар. Саналы ғұмырларын ел игілігі жолына арнаған белгілі жазушы мен қадірлі еңбек адамының халқына берген тағылымдары зор.

Сәбит көзі тірісінде Қазақстанның мемлекеттік орталық мұражай қорына 141 томнан тұратын хаттарды өз қолымен тапсырған екен. Бүгін де бұлар үлкен құндылықтар қатарына жатады. Сол көне хаттар жинақталып, жеке жинаққа енгізілді. Онда ұлы жазушының жан сыры, мөлдір мұңы арман-тілегі мен еліміздің тарихи шежіресі, мәдениеті түгел топтастырылған. Әлемдік деңгейдегі тұлғалармен, ұлт зиялыларымен жазған хаттары ұрпаққа өшпес өнеге саналады.

– Сәбит Мұқанов алғашқы кәсіби жазушылардың бірі деп анық айтуға болады. Қазақ әдебиетінде жазушының қалам тербемеген жанры жоқ, жазбаған дүниесі жоқ, қазаққа байланысты зерттемеген тақырыбы жоқ. Бір сөзбен айтқанда, Сәбит Мұқанов қазаққа қазақты танытқан алғашқы жазушыларымыздың бірі деп есептейміз. Қаламгердің біраз хаттарын оқығанмын. Оның барлық хаттарында қазақ халқына деген ыстық ықыласы мен махаббаты айқын аңғарылып тұрады. «Өмір мектебі» атты үш томдық мемуарлық романы тарих пен әдебиет жағынан қазақ мектептерінің оқулығына жарайтын құнды қазына болып табылады. «Мұқановтың хатханасы» кітабы да жазушының «Өмір мектебі» романын қосымша маңызды мағлұматтармен толықтырып тұрғандай әсер етеді. Сәбит секілді жалынды жазушылар шығармашылығы бар да қазақтың рухани жан-дүниесі жаңарып, жасай бермек,– дейді Қазақстан Жазушылар Одағы Басқарма төрағасының орынбасары Мереке Құлкенов.

Ал жазушы Оралхан Бөкей өз сөзінде «Сәбит Мұқанов – мектеп, Мұхтар Әуезов – университет» деп баға берген болатын. Бұл ұлы қаламгерлерге берілген шынайы әділ баға десек артық айтқандық болмас.

– Сәбит Мұқановтың жазған шығармаларын оқымаған қазақ жоқ десек те болады. Оның әрбір туындысынан ұлтымыздың бойында бар ізгі қасиеттерді байқауға болады. Ал енді қай дәуірді алып қарасаңызда кітаптың орны бөлек. Кітап туралы жарты әлемді жаулаған Әмір Темір былай деген сөзі бар. «Мен қаланы далаға, даланы молаға айналдырдым. Жарты әлемді жауладым. Бірақ бұның бәрі мені тарихта қалдырмайды. Мені тарихта қалдыратын тек қана кітап» депті бір сөзінде. «Бір адам құдық қазса, мың адам одан су ішеді» деген. Сәбит шығармаларын оқи отырып, сол кезеңнің шындығына көз жеткізесің. Еліміз егемендік алған сәттен бастап тарихи тұлғаларымызды ақтап алу, дәріптеу жүйелі түрде жалғасын тауып жатыр. Бұл – сөзсіз тәуелсіздіктің жемісі,– дейді ақын Рафаэль Ниязбеков.

Жазушының іргелі әдеби зерттеу еңбектері, толып жатқан әдеби-сын мақалалары мен көркем очерктері жазушы мұрасының қомақты бөлігі болып табылады. Сәбит Мұқанов – Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері. Оның көптеген іргелі туындылары бұрынғы КСРО халықтары мен басқа да шетел тілдеріне аударылған.

Қорыта айтқанда, ұлы дарын иесі қазақ кеңес әдебиетінің негізін қаласқан және оның өркендеуі үшін орасан еңбек сіңірген аса көрнекті сөз шебері. Қазақтың әдеби сыны мен әдебиеттану ғылымын өрге сүйреген жауынгер сыншы, парасатты ғұлама. Қазақ әдебиетінің мақтанышы Сәбит Мұқанов өзінің өнегелі де өміршең шығармаларымен қазақтың жаңа ұрпағына рухани азық беріп, ғасырдан-ғасырға жасай береді.

Т.ШАЙДУЛЛАҰЛЫ

Басы 1-бетте

Бүгін қалаға қарасты Белкөл кентінде «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының ұйымдастыруымен кездесу өткізілді.
Кездесуде жергілікті тұрғындарға алаяқтық және сыбайлас жемқорлық қарсы деректердің алдын алу жөнінде заңнама аясында түсіндірмелер берілді.

БАРЛЫҒЫ ЗАҢ АЯСЫНДА БОЛУЫ ТИІС

Шараға Белкөл кенті әкімі Ардақ Ибраимов, «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалы басшысы Ләззат Шайзадақызы, №2 қалалық сот төрағасы Балғабай Жаңабаев, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің превенция басқармасының бас маманы Рашид Тұраров қатысты.

– Қазір жасыратыны жоқ ел арасында алаяқтыққа алдану дерегі азаймай тұр. Оның ішінде «жер кезегін жылжытып беремін, жеңіл түрде тұрғын үй алып беремін» деп ел сеніміне кіріп қомақты түрде қаржы жымқыратындар көбейген. Сондықтан осының алдын алып ешкімге сенбеу керектігін айтқым келеді. Бүгінде барлығы электронный түрде жүргізіледі. Қолма-қол ақша берген ештеңені шешпейді. Заң бәрімізге ортақ. Ал сыбайлас жемқорлыққа жол берген тұлға заң аясында жазасын алады. Осыдан аулақ болу керек. Мұндай келелі кездесулер алдағы уақытта да барлық жерде өткізіледі деп күтілуде. Бір жиыннан бір адам толық түсініп, екінші ортада осыны насихаттаса біздің жұмыстың нәтижесі сол болмақ, – дейді «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалы басшысы Ләззат Шайзадақызы.

Егер мемлекеттік немесе жеке тұлғаға біреу сыйлық ұсынса оны 7 күнтізбелік күн ішінде мемлекеттік қорға тапсыруға міндетті. Ал жеке мүдде жолында пайдаға асыратын болса әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Одан әрі жұмыста қалатын қалмайтынын Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері шешеді.

Сыбайлас жемқорлық немесе құқық бұзушылық фактілері жайында хабарлаған тұлғаларға біржолғы ынталандыру төлемдері қарастырылған. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Бүгінгі өткізілген шара соның айқын дәлелі. Ашықтық, әділдік, адалдық «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің басты ұстанымы.

Т.ЖӨКЕБАЙ

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ: III ТОҚСАННАН БАСТАП ЖАҢА ПӘН ҚОСЫЛАДЫ

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі.

1-сыныптағы «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің базалық мазмұны білім алушылардың алгоритмдік ойлау қабілетін ойын программалау ортасында қалыптастыруға, робототехника жиынтығының негізгі компоненттерімен таныстыруға, қарапайым роботтар жинауға және оларды басқаруға бағытталған.

2021-2022 оқу жылында 3-сыныпта «Цифрлық сауттылық» оқу пәні 2021 жылдың 1 қыркүйегінен оқытылады.

Бастауыш сыныптарда «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытуда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытудың белсенді формалары мен әдістері қолданылады. Ұғымдарды жақсы түсіну үшін өмірде жиі кездесетін нақты мысалдармен байланыстыру ұсынылады.

Бастауыш сыныптарда «Цифрлық сауаттылық», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәндерінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмейді. Жартыжылдықтар соңында «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылады. Білім алушы оқыту мақсаттары бойынша практикалық тапсырмаларды орындаған жағдайда «есептелді» қойылады», – деді білім басқармасындағылар.

Сонымен қатар 4-сыныпқа арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» және 5-11 сыныптарға арналған «Информатика» пәндері бойынша оқу бағдарламалары қайта қаралды. Жаңашылдықтар балалардың ақпараттық технологиялар саласында сапалы білім алуына бағытталған.

Мектеп бағдарламасы шеңберінде ең танымал Python бағдарламалау тілі оқытылады. Сондай-ақ 5-9 сынып оқушылары 3D-модельдеу мен 3D-принтингке бойынша білім алады.

10-11 сыныптардағы «Информатика» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы IT-саласының заманауи даму үрдістерін ескере отырып әзірленген. Оқыту бағдарламасында IT-STARTUP, виртуалды және толықтырылған шынайылық, жасанды интеллект, мобильді қосымшаларды әзірлеу, BigData және тағы басқа тақырыптар бар. Сондай-ақ барлық сыныптың оқу бағдарламаларына Интернет желісіндегі қауіпсіздік ережелері, авторлық құқық туралы тақырыптар енгізілген.

А.АҚЫЛБЕК

Басы 1-бетте

КӘСІП

Нарық заманында бизнеске қадам басып, өз күшімен немесе мемлекеттен алған қаражаты есебінен нәсіп тауып, кәсібін дөңгелеткендер жетерлік. Оны күнделікті өмірде көзбен көріп те жүрміз. Сондай мысалдың бірі – Бақыткүл Оспанова. Ол кәсібін осыдан 3 жыл бұрын бастаған. Ашығын айтқанда 2019 жылы «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы аясында Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымы» ЖШС арқылы қайтарымсыз грант иеленген. Барлық талаптан мүдірмей өткен ол бөлінген 250 000 теңгеге шаштаразға қажет құрал мен өзге де керек-жарақты түгендеген.

ШАШТАРАЗДЫҢ ТАБЫСЫ



Қазір Талсуат ауылында Бақыткүл Ыдырысқызын танымайтын, білмейтін адам жоқ. Оны көпке танымал еткен еңбегіне деген адалдығы әрі кәсібилігі екені анық. Бүгінде ауылда оның қызметіне жүгінетін тұрғындардың саны көп. Ауылдағы үйінің бір бөлмесін жабдықтап, шағын сұлулық салонын ашқан кәсіпкердің бір күні бос өтпейді. Қазіргі таңда кәсіпкер тынымсыз еңбегінің арқасында кәсібін дөңгелетіп отыр.

Біз де көптің аузында жүрген кәсіпкермен тілдеспек ниетте Талсуат ауылына арнайылап бардық. Кейіпкерімізді арнайы іздеп барып, кәсібі мен өмір жолы туралы ақпаратқа қаныгудың сәті түсті. Кейіпкеріміз де шешіле сөйлесіп, кәсіпке келген мақсатын, алдағы жоспарынан сыр бөлісті.

– Өзім Арал ауданының тумасымын. Мектеп бітірген соң аудан орталығына училищеге оқуға түсіп, 1 жылда технолог мамандығын игеруге мүмкіндік туды. Алайда оқыған мамандығыммен жұмыс таба алмай, 3 ай тағы қосымша шаштараз мамандығын оқуыма тура келді. Сол кезде аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинаты мамандарынан тәлім алып, бағытымды айқындадым. Әсіресе Валентина есімді шеберден саланың қыр-сырын меңгеріп, тәжірибе жинап, еңбек жолымды осы шаштараздан болудан бастадым. Міне, содан бері 40 жылдан астам уақыт өттіпті. Әлі осы бағытта еңбек етіп келемін. Бұған дейін Арал ауданы мен Қызылорда қаласында жұмыс істесем, кейін ауылдан өз кәсібімді ашуға бел будым. Жеке кәсіптің артықшылығы көп емес пе? 2019 жылы мемлекеттік бағдарлама арқылы қаржы алып, шаштараз бөлмесін аштым. Бүгінде аяқ алысымыз жаман емес, – деді ол.

Еңбек жолы ерте басталған кәсіпкер мектеп бітірісімен қолына қайшы мен тарағын ұстап, сұлулық әлеміне еніп кеткен. Содан бері онға жуық сұлулық салонында шебер болып табыс тапқан. 4 баланың анасы балаларын да аталмыш салада жүріп жеткізгенін айтады.

– Қазір мүмкіндік көп. Сұлулық салоны да жетерлік. Мәселен, 2000 жылдары Қызылорда қаласында салон аз болатын. Оған қоса қызмет құны да арзан еді. Небәрі 50-60 теңгенің шамасында. Бірақ сөйтіп жүріп, сол табыспен бала-шағамды асырадым. Одан бөлек талай жастарды осы кәсіпке баулыдым. Қолымнан келгенін үйреттім. Жалпы бұл сала өте қызық. Мамандығымды жақсы көремін, ықыласым ауып сүйсіне істеймін. Қазірге дейін еңбек етуімнің сыры осында шығар, білкім. Жұрттан алған алғыс та қуат береді. Өзім жас күнімнен осы жолда жүргесін басқа салаға мойын бұрмадым. Жалпы қандай қызмет істесең де табыс көрсеткіші адал еңбекте жатыр. Сондықтан қазіргі жастарда қажыр-қайрат басым болуы шарт. Ол үшін ізденімпаз, білікті әрі білімді болуы керек деп ойлаймын, – деді Бақыткүл Оспанова.

Бүгінде кәсіп иесінің алға қойған жоспары көп. Халыққа қызмет көрсету үшін бір бөлмеде орналасқан кәсібінің аясын кеңейтіп, болашақта мемлекеттік гранттарға қатысуды көздейді. Ісі алға басса, кәсібін іргерілетумен қоса жұмыссыз жастарды еңбекпен қамтымақ. Егер талапты да талантты жастар аталған өнеріне қызықса, бірге кәсіп жүргізіп, шаштараз өнерін меңгертуге құлықты.

Жалпы еңбексіз жетістікке де, табысқа да қол жеткізу әсте мүмкін емес. Мұны кәсіп иесі жақсы біледі. Кәсіпкер қызмет ақысы халықтың қалтасына ауырлық түсірмейді.

Шыны керек, бүгінде мемлекеттік бағдарлама арқылы қаржы алып, кәсіп бастағандардың қарасы қалың. Кәсіпке икемің болса, ешкім жолыңды кеспейді. Бастысы, қолдау бар. Бүгінгі кейіпкеріміз секілді жігерлі жандардан өзгелер үлгі алып, қандай да бір шаруаның тетігін тапса, халық әл-ауқатының жақсаруына, ел экономикасының ілгерілеуіне зор үлес қосары анық. Біздің айтпағымыз осы ғана.

Ақтілек БІТІМБАЙ,
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қазақ тарихында елдің болашағы үшін еңбек еткен ойшыл, отаншыл, көзі ашық, көкірегі ояу, парасат пайымы асқан елжанды азаматтар көптеп шыққан. Соның бірі – отыз жылдан аса болыс болған, батырлығымен, ақындығымен, ұлтжандығымен елдің есінде қалған Қалманбай Байдәулетұлы.

ЖОЛБАРЫС ЖЕТЕКТЕГЕН ҚАЗАҚ

Ет жүрегі ел үшін езіліп туған арда ұл халқының барлық мұңы мен мұқтажын, қайғысы мен қасіретін сезіне білген Қалманбай Байдәулетұлы 1860 жылы Ұлытау өңіріндегі Сарыкеңгір өзенінің бойында «Алданазардың ақсуаты» деген жерде дүниеге келген. Ел ішінде Қалманбай болысқа қатысты көптеген аңызға бергісіз әңгімелер бар. Солардың бірі ретінде оның болыстық һәм батырлық бейнесін аша түсетін ақ патшаға жолбарыс сыйлау оқиғасы. Оқиға желісі былайша өрбиді. 1913 жыл екен. Дәл сол жылы Ресей императоры II Николай өзінің Романовтар әулетінің таққа отыруының 300 жылдық тойын тойлап жатқан шақ. Мұны естіген Қалманбай Қызылорда шиінің арасынан жолбарысты тірідей ұстап алып, олжасын патшаға сыйлау мақсатымен Петерборға аттанады. Қалманбай Петербордың қақпасынан жолбарыс ұстап кіргенде зәре құты қашып қорықпаған орыс қалмапты. Тіпті, айналасындағылардың өзі оған таңданыспен қарайды. Қалманбай батыр болса жолбарысты жетектеген бойда патша отырған сарайға келіп, кездесуге рұқсат сұраған екен. Бұратана санап жүрген халықтың арасынан біреу шығып, ешкімнің ойына түсе бермейтін, кеудесін кере қаққылап жүрген батырлардың өзінің батылы жетіп ұстай қоймайтын жолбарысты сыйға тартады деп орыстар ойламаса керек-ті. Қалманбайдың жолбарыстың өзіне қарсы шығар батырлығына, ерекше қабілеті мен ержүректілігіне, қайтпас қайсарлығына тәнті болған II Николай патша кездесуге келісімін берген. Ол кезде патшаның алдына жолбарыс жетектеп бармақ түгілі, арнайы кездесуге рұқсат сұраудың өзі мұң болатын. Бұл оқиға ел ешін еркін жайлап, онсыз да атағы дардай Қалманбай болыстың атын аңызға айналдырып жібереді. Бұл туралы кезінде ақын Әбділда Тәжібаев «Жұлдыз» журналының 1976 жылғы қазан айында жарық көрген №10-шы санына жазған екен. Ол жөнінде сәл кейінірек айтамыз. Алдымен М.Болатовтың зерттемелеріне ден қойғанды жөн көрдік.

М.Болатов қазақ шежіресін жинақтап, ел аралап жүргенде Қызылорда облысының Жаңақорған ауданына қарасты Екпінді ауылында тұратын 86 жастағы қарт, Бекен Төлегенұлы деген кісіден Сегізсері жайлы материалдарды алғанын жазады. (Бұл деректер М.Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер» институтының қолжазба бөліміндегі М.Болатовтың материалы 863-ші бума 11 дәптердің 2-6 бетерінен алынды). Әкесі Байдәулет өмірден өткенде Қалманбай не бары 1,5-2 жас шамасындағы, әлі ештеңені білмейтін сәби екен. Оның әкесі Байдәулет Орынборда, Омбыда оқыған пысық, зерек кісі болған. Ол Сарысу өзені бойындағы Сымтас деген жерден 12 отбасылық қызыл үй мен мешіт салдырып, халыққа жағдай жасаған. Шетелден шеберлер әкеліп, сағана, тоған жасатқан. Алайда 25 жасында ауырмай-сырқамай қайтыс болған екен. Қалманбай одан 1,5-2 жас шамасында қалыпты. Інісі Мақыш 1 жасқа да толмаған екен. Бұларды өсіріп, жеткізген Байдәулеттің ағасы Жандәулет те атақты бай болған.

Қалманбай әкесіне ұқсап пысық әрі зерек азамат болып өседі. Оның мұндай қабілетті болып өсіп келе жатқанын байқаған көкесі Жандәулет Қалманбайды ел ісіне баули бастайды. Жасынан ел ісіне араласқан Қалманбай батыр атанады. Бұл туралы атақты ғалым, қазақ ғылым академиясының негізін қалаушы Қаныш Сәтбаев Қалманбайдың поштабайы болған Күзеубай Жидебайұлынан естіген әңгімесін былайша айтқан екен: «Қалманбай батыр жасынан тапқыр, зерек, қарулы болып өскен. Ол кезде ел тіршілігі Атбасар базарына мал айдау, сауда-саттық жасау секілді жұмыстармен айналысқан. Орнықтылығына сенген ғой, бір жолы жас та болса Қалманбайды бас етіп, Жандәулет бай Атбасар базарына топ адам етіп жібереді. Жолда басмашылар шабуылдап, малдарын тартып алыпты. Қалманбайдан басқасы қашып кеткен. Басмашылардың басшысы Қалманбайға жегін аттарды да босатып бер деп бұйырады. Қалманбай асықпай әуелі бір атты босатып, қолына ұстатқан, екіншісін босата беріп, арбаның бір жетегін ала сала басмашы басшысын аңдаусызда түйіп жіберген. Құлап түскен басмашының қылышы мен мылтығын алып, арба үстіне шығып айқасқа әзірленеді. Ауыр денесімен құлаған басшы есеңгіреп қалғанда, басқалары Қалманбайға тиісуге қаймығып, үріккен аттардың соңынан қашып кеткен. Содан не керек, бір ат жетектеп, адам аман, Атбасар базарына жеткен соң жігіттерге базардан барып арқан, жіп үзіктерін жинап әкелуді тапсырады. Өзі отырып сол үзінділерден жіп, арқан ескен. Өйткені базардан мал алушыларға арқан, жіп өте керек. Бір арқанның құны бір тоқты болса керек. Бір аптада бір ат сатып алып, жол азықтарын қамдап, қос атты жегіп, елге жеткен. Елдегілер: «Ау, азықтарың, саудаларың қайда?» – дейді. Сонда олар: «Е, Қалжан батыр болмағанда бәріміз қырылатын едік, қайта аман келгенімізге қуаныңдар», – депті. Осы оқиғадан соң бозбала Қалманбай «Қалманбай батыр» атаныпты. Академик Қаныш Имантайұлы ел тарихына байланысты еңбегінде Қалманбайдың батырлығын осылайша суреттейді.

Жоғарыда Қалманбайдың ақын болғанын да айтып өткен едік. Қалманбайдың батырдың болыстықтан бөлек ақын да болғанын Н.Жолбарыстың зерттеулерінен көруге болады. Н.Жолбарыстың «Бақ.кз» интернет сайтында 2012 жылы жарияланған еңбегінде: «Оның (Қалманбайдың) атақты «Сәтбек батыр» қиссасын Бағаналы жұрты жатқа айтатын болған. Сол кезде енді ғана қазақ даласына тарап жатқан, бүркеншік есіммен шығарма жазу әдісін Қалманбай да қолданған. Оған дәлел Назарбек, Қалжан, Назымбек, Олжабай деген бүркеншік есімдерінің болуы. Қалманбайдың қазақтың шешендік өнерінде қалдырған «Қожа Мансұр», «Назымбек» деген шығармалары да күні бүгінге дейін жеткен. Өкініштісі, Кеңес үкіметі орнағанда, колхоздастыру кезінде Қалманбайдың үйін өртеп, көп шығармалары жалын ішінде кеткен. Өртті көргендердің айтуынша, Қалманбайдың бір сандық қолжазбасы отқа оранған. Қаншама рухани қазына бізге беймәлім үнсіз күйінде қолдан кетті», – деп жазады. Бұл сөздердің астарында шындық бар. Бірде жазушы А.Қаражігітов бұрынғы Киров, қазіргі Әл-Фараби атындағы университетте оқып жүрген кезінде қазақтың ғұлама ғалымы, заңғар жазушы М.Әуезовтен Қалманбай туралы сұрайды. Шамасы Мұқаң Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы дәріс оқып жатса керек. А.Қаражігітов: «Біздің жерде Ұлытау аймағына белгілі болыс әрі ақын Қалманбай Байдәулетұлы деген кісі өмір сүрген екен. Сол кісінің ақындығы жайында білесіз бе?» – деп сұрапты. М.Әуезов болса: «Е, білмей, ол мықты ақын ғой. Оның көптеген шығармасы бар. Қазақ сахарасында болған қанқұйлы қиянатты ұйымдастырушы Жармақ туралы «Сәтбек» дастанын жазды. Оның сүйекті-сүйекті «Назымбек», «Қожамансұр», «Тоты құс», «Сәтбек батыр» сияқты салт-дәстүр», ұлттық-ғұрыптарды көбірек сөз ететін туындылары бар» – деп жауап берген екен. Бұл да болса Қалманбайдың ақындығын дәделдейді емес пе?!

Қалманбай елдің ағасы, болысы, егесі әрі тірегі болғаннан кейін ол кісіге талай ақынның жыр арнағаны сөзсіз. Солардың бірі Балтекеұлы молда Мұқанның Қалманбайға айтқаны. Өлеңнің толық нұсқасын зерттеуші Мәди Болатовтың қолжазбаларынан кездестіруге болады. Сөзімізге дәлел ретінде Балтекеұлы Молдамұқанның Байдәулетұлы Қалманбайға айтқан өлеңінен үзінді келтіре кетейік:

– Ақылдас молда Мұқан қаламыңа,
Жар болсын Қызыр баба талабыңа.
Тіліңнен ләззаты мол сөз шығарсаң,
Кірерсің бас жүйріктің санатына.
Жанассаң жақсыларға қызмет ойлап,
Ғыззат қып гүл ашылар қадамыңа.
Ағаның ғинабатты біреуі едің,
Қалекең барсын сөздің жанабына.
Көрсем деп жақсыларды талап ойлап,
Келіп ем Атбасардың базарына.
Хабар сал ахуалыңнан мырзаларға,
Жау етіп алар ма екен назарына,
Әуелі Қалекеңе хабарлаңдар.
Бір озған ағам еді заманында.
Құлақ сал бұл сөзіме Қалжан аға,
Жарыстан озып бақыт алған аға.
Ерлердей ертедегі қайратың зор,
Алысқан әлі келмей талған аға, –

деп өлең-жырды қағаз бетіне түсіріп, сәлем жолдаған екен.

Қалманбай болыс өз кезегінде ескі жыр-толғаулар мен ертегілерді жинаумен де айналысыпты. Бұған М.Болатовтың жазбаларынан дәлел келтіруге болады. Оның Қызылорда облысының Жаңақорған ауданына қарасты Екпінді ауылының тұрғыны Бекен ақсақалдың айтуы бойынша жазып алған деректерінде Қалманбай Сегізсерінің өлеңдерін, жырлары мен толғауларын жинату мақсатында балаларына арнайы хат танитын, оқи білетін бір адамын жіберіп, Сегізсері хақындағы мағлұматтарды көшіртіп алған екен. Бұдан Қалманбайдың қазақтың әдебиеті мен тарихына шын жанашыр болғанын көреміз. Жоғарыда Ә.Тәжібаевтың еңбектерінен мысал келтіріп, қайыра ораламыз деген едік. Қалманбайдың әдебиет пен тарихқа, руханиятқа шын жанашыр болғанын дәлелдеу үшін Әбділда ақынның еңбектерін қайта саралап, оның «Жұлдыз» журналында 1976 жылғы қазан айында жарық көрген №10-шы санындағы 78-79 беттерге жарияланған мақаласын негіз еткенді жөн көрдік. Мақалада Ә.Тәжібаев Ұлытаудағы атақты бай Қалманбайға 1907-1908 жылдары Шәді Жәңгірұлы жолы түсіп, өз кәдесімен баратыны айтылған. Сондай-ақ Қалманбай Шәді төреге осы кездесуде «Шахнаманы» аударып бер деп қолқа салғанын айтады. Тәжібаев: ««Шахнаманы» аударғаны туралы Шәдінің өзі жазған өлең хатын көшіріп әкепті. Шешемнің Қызылордаға бара салып қайтқаны да сондықтан боп шықты. Міне, төмендегілер сол апамның әкелген материалдарынан көшіргендерім», – деп Шәдінің Қалманбайға айтқан өлеңін береді. Біз де аталмыш өлеңнен үзінді беруді абзал санадық.

– Хурматлу Қалманбайға Мәртабалы,
Жігітсіз алыс жерден шыққан намы.
Бес құлан жиылысында сырттан көрдім,
Болмас таныстық жол сөзбен әлі.
Жақыптан ілгеріде сәлем айтып,
Тәржі қып берсе депсіз «Шахнаманы»,
Кітапты адамыңыз маған бермей,
Болмады ол жұмыстың еш ымқаны.
Бұл күнде бір «Шахнама» қолымда тұр,
Жазылған түркі тілмен тамам бәрі.
Шахнама Фирдаусида көп көрінді,
Азырақ етіп едім Иштиханы.
Тақтасын әр табақтың кеспей жазған,
Алты жүз жетпіс беттік қағаз саны.
Назым қып әр жерінде бәйіт айтылған,
Кірсін деп оқығанда сөз ажары.
Іскендір өлгенінен тоқтатыпты,
Қалдырып артындағы көп патшаны.
Ілгері сөзіңізді көңілге алып,
Ойладым жібермекке сізге әні, деп

келетін өлең хат Қалманбайға жетіп, ол Шәдіге еңбегінің өтеуіне не сұраса да беретінін айтады. Осыдан соң Шәді төре «Шахнаманы» қазақ тіліне аударып, Ташкент баспаханасынан жалғыз данасын шығарады.

Ел аузында Қалманбайға қатысты аңыз-әңгімелердің жеткілікті екенін тілге тиек еткен болатынбыз. Сол әңгімелердің кейбірі Қалманбай батырдың қалай болыс болғаны баяндалады. Бір замандарда патшаға салық төлемегені үшін Бағаналының бір бөлігін Шу бойына қарай қоныс аударуға мәжбүрлеген екен. Сондай шақта жер іздеп шыққан Бағаналының Жауғашты руынан шыққан Құлыбек, Төбек, Көрпе, Баймырза секілді төрт ақсақал елді Сарысу бойына көшірген екен. Қоныстанған соң Қалманбайға баталарын беріп, ресми сайлаусыз-ақ өздеріне болыс етіп алады. Бұл шамамен 1878 жыл болса керек. Ал, 1882 жылы ол болыстықта ресми таласып, жеңіп шығады. Осы сайлауда Попов деген оязға тігіліген киіз үйді орнымен қосып аударып тастаған екен. Осыны көріп қорыққан ояз Қалманбайға арнап екінші болыс ашып берген деседі.

Міне, елдің жанашыр болысы, қорған батыры әрі ақыны болған, қазақ руханиятының жанашыры Қалманбай Байдәулетұлы жайлы біз осындай деректерді тарқатамыз. Әсілі, бұл мұнымен Қалманбай туралы барлық дүние жазылды дегенді білдірмейді. Қайта керісінше Қалманбай батырдың өмірі мен шығармашылығы әлі де болса терең зерттеуді қажет етеді.

Ә.ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

ТАУАРЛАРДЫ КӨТЕРМЕ САТЫП АЛУ ФАКТІЛЕРІНЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕУ КЕРЕК

«Nur Otan» партиясы жанындағы экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңес мүшелері қаладағы бірқатар әлеуметтік дүкендерді аралап, ондағы азық түлік бағасы мен сапасына мониторинг жүргізді.



«Nur Otan» партиясы әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасын тұрақтандыру мен тұрғындарға қолжетімді болуын қамтамасыз ету мақсатында өзінің сайлауалды бағдарламасында әлеуметтік дүкендер санын арттыруды мақсат етіп отыр. Бүгінгі күні Қызылорда қаласында 5, Қармақшы ауданында 2 дүкен ашылды.

Қазіргі таңда Қызылорда қаласы мен оған қарасты кент, ауылдық округтерде жалпы саны 34 әлеуметтік дүкендердің жұмысын «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ үйлестіріп отыр. Қосымша 5 әлеуметтік дүкеннің құрастырмалы типтегі құрылысын салу мақсатында Қоғам мен мемлекеттік сатып алу шарттары жасалып, құрастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жалпы әлеуметтік дүкендердегі өнімдердің бағасына күн сайын мониторинг жүргізу мақсатында Қоғам тарапынан бекітілген жауапты қызметкерлермен тұрақты бақылау жасалуда. Азық-түлік тауарлары да белгіленген бағада сатылуда. «Әлеуметтік дүкендердегі өнімдердің бағасы нарықтық бағадан төмен болғандықтан, тауарларды көтерме сатып алу және қайта сату фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ өнімдерді әрбір отбасына жеткізу мақсатында тапшы тауарларға шектеу енгізілген. Бір сатып алушыға қант-2 кг, картоп-3кг., сәбіз-2 кг., тауық еті-2кг., 10 дана жұмыртқа, 2 бөлке нан, өсімдік майы 1 литрден берілуі тиіс»,- деді мониторинг жұмыстары барысында қоғамдық кеңес төрағасы Қожахмет Ілиясов.

Анықтама ретінде: бүгінде әлеуметтік дүкендерде нан 55 теңгеден, қант 270 теңгеден, өсімдік майы 630 теңгеден, картоп 130 теңгеден, сәбіз 170 теңгеден, басты пияз 80 теңгеден, қырыққабат 80 теңгеден, 1 сортты ұн 135 теңгеден, қарақұмық жармасы 400 теңгеден, күріш 210 теңгеден, макарон 200 теңгеден, сиыр еті 1650 теңгеден, тауық еті 785 теңгеден, жұмыртқа 26 теңгеден, сүт 280 теңгеден, айран 225 теңгеден, сүзбе 1283 теңгеден, сары май 2504 теңгеден және тұз 40 теңгеден сатылуда.

«Ақмешіт-ақпарат

ШЕТЕЛГЕ НЕГЕ ҚҰМАРМЫЗ?

Расында, еліміздің дамуына үлес қосатын білімді де білікті мамандар шетелге кетіп жатқаны шындық. Оған салмақты себептер де баршылық. Әрине, ел көру, жер көру тұрғысында бөлек әңгіме. Алайда қаншама несие мен тұрмыс тауқыметі шаршатқан, еңбегі үшін төленетін қомақты еңбекақыны іздеген мамандардың жайы мүлде басқа. Бүгінде бұл күйіп тұрған мәселеге айналды. Сырт мемлекеттерде тұратын қандастардың оралуы соңғы он жылдықта біршама бәсеңдеді. Ал керісінше, жыл санап басқа елге біржола қоныс аударған ел азаматтарының саны артуда.

Әрине, шетел асып кеткеннің бәріне тұрмыс ахуалы себеп болды деуге келмес. Себебі Еуропа мемлекеттері мен АҚШ сияқты ғылым-білімі озық елде тәжірибе жинап, елге келіп, еңбек етіп жатқандар бар. Бұған өз кезегінде елге құйылған инвестиция есебінде қарауға болады. Ал енді ала дорбасын асынып, біржола көшіп жатқандар шынымен алаңдатады. Қажыр-қайраты мол, тепсе темір үзетін жастардың шетелге қоныс аударуы неліктен жиіледі? Осы сұрақтың аясында біршама мәліметті саралап көрейік.

Ең бірінші, көші-қон жөніндегі статистикаға үңілейік: Биылдың өзінде 14 мыңнан аса адам шетелге қоныс аударған. Ал өткен жылы басқа мемлекетке көшкен отандастарымыздың 3395-і – жоғары білімі бар мамандар. Ал 1,8 мыңы – техникалық, 990 – экономикалық, 539 – педагогикалық, 313 – медициналық, 213 – заң факультетін, 136 – архитектура, 85 – ауылшаруашылық, 2,1 мың адам өзге де мамандықты игерген.

Шетелге кетудің бір себебі материалдық жағдай екені шындық. Өйткені қазір ел ішінде баспанасы жоқ, пәтер алудың қамымен «сең соққан балықтай» сенделіп жүрген жастар жетерлік. Қазір жұмыссыздық та дендеп тұр. Одан бөлек оқуын бітірген маманға өз саласынан сұраныстың болмауы да қажытатындай. Шыны керек, бүгінге дейін нақты шешімін таппаған осындай түйткілді мәселелер салдарынан сырт мемлекеттерге кетіп жатқан қазақстандықтар саны жыл сайын артуда. Осыдан бес жыл бұрын елімізден кеткендер саны 30 мыңнан асқан. Олардың негізгі бөлігі – Ресей, Германия, Түркия мен мұхит асып АҚШ-қа қоныс аударғандар. Бертін келе бұл көрсеткіш жоғарылай түскен. Жыл санап мыңдаған отандасымыз басқа елдің тұрғынына айналады. Алаңдатарлығы сол, оның басым бөлігі жастар, жас отбасылар.

Ескендір Бексейіт, АҚШ тұрғыны:

– Менің Америкаға келіп, Огайо штатына орныққаныма, міне, 5 жыл болды. Бұл елге де, адамдарына да әбден сіңісіп, үйренісіп кеттім. Жұмысым бар, жалақым жақсы. Келгеніме еш өкінбеймін.

Иә, қазір шетелде жүрген біз секілді қазақтар туралы халық әртүрлі ойлайды. Естіп те, оқып та жүрміз. Оның ішінде кері көзқараста ойлайтындар көп. Жалпы мұнда қандастарымды жиі кездестіремін, тіпті бірге жұмыс та істейміз. Несін жасырайық, олар осында жүріп, мол қаржы тауып, оқып, тіпті тұрақтап қалғысы келетінін айтады. Бұл үшін ешкімді жазғыруға болмайды деп есептеймін. Өйткені елімізде пәтер алу үшін кемі 15-20 жыл еңбек етуің керек. Оның арасында көлік, ем-дом, жақсы өмірді айтпай-ақ қояйын. Ал АҚШ-та жүрген қандастар небәрі 4-5 жыл ішінде пәтері мен көлігіне ақша жинап алады. Мұнда айлық жалақы азық-түлік пен киімге, пәтер ақысына, тіпті тәуір мейрамханадан емін-еркін тамақтануға да жетеді. Біздегідей «жетпейтін қу дүние» деп жүрген ешкім жоқ. Жұмыссыздардың да қатары сирек. Ал жеке кәсібін ашқысы келетін жандарға мемлекет тарапынан жақсы қолдау көрсетіледі. Міне, сондықтан жастардың көбіне шетелге көшуге осындай салмақты себептер бар, – деді ол.

Бүгінде көші-қон мәселесі бізде ғана емес, ғаламдық мәселеге айналды. Қазірдің өзінде әлемдегі мигранттар саны 300 миллионнан асады екен. Статистика бойынша әлемдегі әрбір үшінші тұрғын туған елін тастап, шетел асуға мәжбүр болған. Негізгі мәселе – қаржылық дағдарысты еңсеру. Сондықтан мигранттардың басым бөлігі державаларға қоныс аударуды құп көретіні осыдан-мыс. Мысалы, АҚШ, Ресей сияқты мемлекеттерде мигранттар миллиондап жүр.

Мәслен, Германияны алайық, бұл мемлекет экономикасы дамыған үздік үштікке енеді. Өйткені мұнда жұмыссыздық, баспанасы жоқ тұрғын көрсеткіші әлдеқайда аз. Енді мынаны қараңыз. Ресми деректер көзіне сүйенсек, қазақстандық 29 жасқа дейінгі жастардың 40 проценттен астамы шетел асуға құмар екені көрсетілген. Оқуға, жұмысқа, тіпті тұрақтап қалуға болсын, бастысы, шекара асса болғаны. Елдегі әлеуметтанушылардың айтуынша, олар әлгінде айтқан алпауыт елдер АҚШ, Канада, Түркия, Франция мен Англияға көшуге көп ынталы. Осы орайда мұхит асқан жастың бірімен тілдестік.

Қуаныш Дәлиев – шетелде жұмыс істеп жүрген жастың бірі. Ол Қорқыт ата университетінде араб және ағылшын тілі пәні мамандығы бойынша тәмамдаған. Қазір АҚШ-та қызмет етіп жүр:

– АҚШ-та жүргеніме қазір 3 жылдан аса уақыт өтті. Жеке компанияда көлік жүргізушісімін. Айына 4 мың доллар табыс табамын. Табысым біздің елге қарағанда әлдеқайда жоғары. Мұндай табыспен қарызыңды жауып, соңғы үлгідегі смартфон алып, тіпті ерінбей еңбек етсең көлікті де небәрі бірнеше айда сатып алуға болады. Алайда мұндағы халықтың ойлау деңгейі мүлде бөлек. Мүмкіндік болса, кәсіпке ұмтылады.

Қай елді алсақ та, ақылды, сауатты, бәсекеге қабілетті мамандарды іздейді, сұраныс артады. Мысалы, АҚШ-та әлемге әйгілі интернет компниялары мен бизнес орталықтары бар. Олар әлемнің 4 бұрышынан ең сауатты, мықты мамандарды жұмысқа алады. Соның арасында біздің отандастарымыз да баршылық. Жалпы кез келген елдің алдағы болашағын осындай басымдығынан аңғаруға болады. Ал біздің елдегі ЖОО мен тәуелсіз мекемелер талабы бар таланттарға таласпайды. Енді алдағы жылдарда да осы бір тенденция жалғаса берсе, ғылым-білімнің негізгі элитасы саналатын, оның ішінде жұмысқа қабілетті жастар өзге елге үдере көшіп кетпесіне кім кепіл?! Жалпы еркін ойлай алатын кез келген адам болашағы бар, дамыған, қаржылық тәуелділік туындамайтын елде өмір сүруді қалайды. Бұл мәселенің бір қыры ғана.

Қараңызшы, ресми деректер бойынша, бүгінде отандастарымыздың 23 проценттен астамы шетелде өмір сүруде. Әлемде Қазақстан басқа елге табан тіреушілердің көрсеткіші жөнінен Сириядан кейін екінші орында тұр. Ал шетел асқандардың жалпы саны бойынша еліміз 15 орында. Бүгінгі жағдай, міне, осындай. Мұның барлығы кейіпкерлеріміз айтқандай, елдегі жұмыссыздық пен еңбекақының мардымсыздығы, баспанамен қамту деңгейіне тәуелді іспетті. Тәуекелге бел буып, отбасынан жыраққа кетіп, шетел асқандардың өзекті мәселесі, міне, осы жайттар. Біздіңше, қаншама жастың шетелге құмар болуы осы фактілермен тікелей байланысты.

А.БІТІМБАЙ

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

АЛАЯҚ

Түн. Айнала қою-қараңғы. Тас түнектен ай сәулесі түгілі жымыңдасқан жұлдыз да көрінбейді. Ымырасыз өлі тыныштық орнаған іспетті. Тылсым тыныштықты бұзып келе жатқан тек Бекзат қана. Жүрісі мен киген киіміне қарап, құдды бір түн баласы дерсің. Ұзын бойлы, сұңғақ денелі, қыр мұрынды, бидай өңді Бекзаттың ажарлы жүзіне қараған кез келген жанның көзі сүрінеді. Мөлдіреген көзі мен қою қара қасына ауылда ғашық болмаған қыз некен-саяқ. Барлығы Бекзатты ұнататын. Ол айналасындағылардың өзіне қызыға да, қызғана да қарайтынын білетін. Бірге жүрген достары әзілдеп «әйелдің сұлулығы – соры» дейтін еді, сенің сұлулығың керісінше, бағың болып тұр» – деп қағытып қоятын.

Әркімнің өз міні, өз кемшілігі болады емес пе?... Түр-тұлғасы мен бет-бейнесі жылтырап тұрғанмен, бұл Бекзатың «сырты бүтін, іші түтіннің» нағыз өзі. Алдап түсіріп, жас күнінде-ақ қанша қыздың обалына қалды. Он сөз айтса, тоғызы шындыққа жанаспайтын. Ақыры күндердің күнінде Арзу атты сұлу жүкті болады. Жұртқа не бетімен қарарын білмей, ұяттан өлердей болса да бұл хабарымен сүйгенін қуантамын деп ойлап, кездесуге шақырады. Ондағысы Бекзат қуанып, үйленуге ұсыныс жасай ма дегені. Уәделі жерде кездесіп, біраз әңгімелескен соң жаңалығымен бөлісуді жөн санайды.

– Бекзат, менің аяғым ауыр.

– Не дейсің?

– Бекзат екеуіміздің баламыз болады.

Бұл жаңалықты естігенде Бекзат аса қатты қуана қоймады. Бұған дейін қанша қызбен ойнап-күлсе де дәл осылай болады деп ойламаған да еді. Оның үстіне Арзу оған тек уақыт өткізу үшін қажет. Ойы сан-саққа жүгірген Бекзат бұл қыздан да құтылу керек деп ойлайды.

– Жүкті болсаң қайтейін.

– Бекзат, мен сені түсінбедім...

– Сен не мені өзіңе шынымен ғашық деп ойладың ба?

– Сонда мені... Мені алдағансың ба?

– Тыңда мені. Сен мен үшін бірінші қыз емессің. Ал баланы сылтауратып, үйленеді деп ойласаң, онда қатты қаталесесің.

–Жексұрыннеме!

– Иә, жексұрын болып қалыппын ғой.

– Аймалап сүйгеніңде мен үшін жаныңды беруге даяр едің. Сөйтсем бәрі әншейін екен ғой.

– Көп сөзді қой. Оданда ана ішіңдегі баладан қалай құтылуды ойла, – деп Бекзат кетуге ыңғайланады.

–Үйленбесең сотқа беремін, – деген Арзудың сөзін,е немқұрайлылықпен қарап, құлаққа ілмей жүре береді. Бұған шамданған жас қыз намысының тапталғанын, арының төгілгенін, өзіне өлердей ғашық болып жүрген жанның алаяқ екенін енді түсінді.

Құшағына сұр жыланша еніп, арын таптаған аңқау арамзаны тайраңдатып қоймады. Сырын анасына айтып, полицияға шағымданады. Бекзаттың тығырыққа тірелген жері осы еді. Арзуға жалынып-жалпайып, үйленетін болып, арызын қайта алдыртады. Бірақ қалағанынша өмір сүріп, дүниені белшесінен басып, жауапкершілік дегеннің не екенін білмейтін Бекзат Арзуға үйлене қоймады. Баяғы әдетіне басып, оны алдап соқты. «Жұмыссызбын, үйленетін жағдай жоқ, отбасын құруға дайын емеспін» деген сыңайдағы сылтауды алға тартты. Алаяқ әдетіне басып, Арзуға жасанды түсік жасатады. Бұл Арзудың өміріндегі ең басты қателігі әрі орны толмас өкініші болатын.

Осы оқиғадан кейін Бекзат қалаға кетіп қалды. Ұялы телефонының нөмірін ауыстырып, Арзумен байланысын мүлдем үзді. Мұнда да талайды сан соқтырды. Қалада «ана жұмысыңды бітіремін, өзбектер алып келіп, үй соқтырып беремін», тіпті болмаса, «бауырыңды жұмысқа тұрғызамын» деп қаншама жанның ақшасын қалтаға басты. Жұрт қашанғы шыдасын, көрген жерде ақшасын даулауды шығарды. Бекзат күндіз көшеге шығып жүруден қалды. Тек түн баласын жолдас етіп, суыт жортуылдайтын. Бір күні асқанға тосқанның кебі келді.

❁ ❁ ❁

Ымырт үйіріле Бекзат үйреншікті әдеті бойынша кезекті «құрбандығын» іздеп, жорыққа шықты. Бұл жолы газет бетіндегі хабарландыру бойынша «Жеті қарақшы» қонақ үйіне келді. Қонақ үй басшылығына жолығып, өзін «құрылыс фирмасының менеджерімін» деп таныстырады.

– Сәлеметсіз бе? – деп амандасқан Бекзат айналаны бір сүзіп өтіп, сол қызметте жүрген адамдарша сөз қозғады.

– Газетке берген хабарландыруларыңызға қарағанда сіздер қонақ үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізетін көрінесіздер. Менің атым – Аман. Сіздерге тамаша ұсыныспен келдім, – деп қонақ үй иесі Мақсаттың ішібауырына кіріп, сөзге тартты. Әкесінің көмегімен өзінің жеке бизнесін енді ғана бастап жатқан Мақсат не бары 23 жаста еді. Айланың небір тәсіліне әбден әккі болған Бекзат Мақсатты құрыққа оңай түсірді. Дүрдей бір фирманың менеджері келіп ұсыныс жасаса, қалай сенбесін? Оның үстіне қызмет көрсету бағасы өзгелерден көш төмен. Сонымен, не керек, екеуара келісімнің арқасында Аман болып танысқан Бекзат бас-аяғы бір айдың ішінде компаниядағы арзанқол өзбектердің тынымсыз әрекетінің арқасында «Жеті қарақшы» қонақ үйіне күрделі жұмыс жүргізетін болады. Бастапқыда «Питак» аталып кеткен адам еңбегі сатылатын жерден он шақты қазақ жігітін жалдап, Мақсатқа «Атаңа нәлет, өзбектерді қойсаңшы, одан да өзіміздің қазақтар істесін» – деп ым-жымын білдірмей, дымы ішінде қалған күйі жүре береді. Бұзу жұмыстары толық біткен соң цементке, әкке, гипске деп бас-аяғы екі парақты құрайтын ұзынсонар тізім жасап, Мақсаттың қалтасын қаға бастайды. Бір аптадан кейін «жігіттер аванс сұрап жатыр», – деп келісілген ақшаның жартысын алады. Алғаны сол-ақ екен бір сағаттың ішінде өз айласын жүзеге асырған Бекзат бұл жерден де табанын жалтыратып тайып тұрады. Сол кеткеннен мол кетеді. Үйреншікті әдеті бойынша ұялы телефонының нөмірін ауыстырып алады. Қала сыртындағы демалыс орындарының біріне жайғасып, тапқан ақшасын миллионерлер секілді жарата бастайды. Массаж... Қыздар...

Алдағы мақсаты тағы біреуді алдап-соғып, қалтасын қағу болды. Өзі тағы кісі танығыш. Ақшасы көп, ақылы аз, құрған тұзағына түсетіндерді қалай құрықтаудың амалын іздеумен әлек. Массажист қыз Лизамен мектеп директоры ретінде танысады. Лиза да «мүмкіндікті пайдаланып қалайын» деген оймен жұмыссыз жүрген күйеуін қарамағына алуды сұрайды. Бекзатқа да керегі осы. Жаны ашитын сыңай танытып, «еркектің жұмыссыз жүргені болмас, жүз мың теңге берсең, қарауыл етіп алайын» – деп темірді ыстық кезінде соғуды жоспарлайды. Лиза мұнда қатынап істейтін көрінеді. Ал директорсымақ Бекзат жаңағы ақшаға тағы жүз мың теңге қосса, оны мектептегі дәрігерлік бөлімшеге алатынын айтып, құрбандығын оп-оңай тұзаққа түсіреді. Демалыс орны болған соң неше түрлі адам бар. Солардың бірі – кезінде совхоз директоры болған, қазір шаруашылық төрағасы Нұрман ақсақал. Кісі танығыш, әккі Бекзат Лизамен қоса осы карияны да айналдыра бастайды.

– Ассалаумағалейкум, ақсақал! Қалжағдайыңыз қалай?

– Уағалейкумассалам, рақмет, балам.

– Менің есімім Бекзат.

– А-а, балам, Нұрман атты шалың мен боламын, – деп қарқылдай күле қарсы алған ақсақалдың іш-бауырына кіріп, түрлі әңгімелермен қызықтырып, ананы-мынаны айтып, айналшықтап жүреді. Бірде ақсақалға баласы телефон шалып, егін басына қатынайтын көлік керектігін айтады. Карияның айқайлап, дабырлап, дауыстап сөйлегенінен істің мән-жайын біліп алған Бекзат әрекетке көшудің сәті келгенін сезеді. Егде адамдардың ұялы телефонмен сөйлескенінің өзі қызық қой. Қасында тұрғандар әңгіменің ау-жайынан хабардар болады. Нұрман ақсақал телефонды қоймастан қасына келіп:

– Ақсақал, даусыңыз жер жарып жатыр ғой. Сіз болмасаңыз шаруашылық жұмысы тоқтап қалатын сияқты. Дабырлап сөйлегеніңізден қатынас көлігі керектігін ұғындым.

– Оның рас, балам, менсіз бір тірлік бітпейді.

– Менің мектеп директоры екенімді ұмытпаған шығарсыз, сізге теңгеріннен шығарылған «УАЗ» автокөлігін елу мың теңгеге берсем аласыз ба?

– Өй шының ба-ей?! Естідің бе, балам?, – деп телефонның ар жағында тұрған ұлына айтып, тіпті сенімді адам ретінде мақтап қояды.

Содан не керек, Бекзат қаладағы өзі білетін мектептің нөмірі мен мекен-жайын қағазға жазып беріп, Лиза мен Нұрман ақсақалдан барлығы екі жүз елу мың теңге ақшаны алып, жылыстап кете барады. Бұл кезде «Жеті қарақшы» қонақ үйінің иесі Мақсат полицияға шағым түсіріп, Бекзатты іздестіріп жатқан болатын. Демалыс орнынан кетіп, қала сыртындағы дәмханалардың бірінде отырған жерінен полиция қызметкерлері тұзаққа түсіреді.

❁ ❁ ❁

Тергеу. Бекзаттың айлакерлігі сонша, тергеушілердің өзін алдап, шатастыруға сәл-ақ қалды. Бір айға жуық ішкі істер бөлімінің тергеу изоляторында отырған ол айып тағушылардың өздерін кінәлі етіп көрсеткісі келеді.

– Иә, Бекзат, адамды әбден шатастырдың ғой, – деп майор шеніндегі тергеуші Мусатов жиырма сегізінші күн дегенде тергеуді қайта жалғастырады.

– Басеке, айтатынымның барлығын айттым. Өздеріңіз білесіздер, мен тазамын. Әлгілер айтып отырған ақша мен де жоқ, – дейді. Жіберейін десе «Жеті қарақшы» қонақ үйінің иесі Мақсат пен «Питактан» жалданған он жігіт түгел танып отыр. Оның үстіне Нұрман мен Лиза нақ бір жауын көргендей қамауда отырса да Бекзатқа дауыс көтеріп, сөге жөнелген. Жібермейін десе негізгі дәлел ақша жоқ. Амалы құрыған Мусатов Бекзатты жіберіп, артынан аңдымақ болады. Таң ата ақыры босатады. Артынан Бекзат көрмеген полиция қызметкерін қарапайым адамдарша киіндіріп аңдытады. Сөйтсе, қулығынан сұмдығы асқан әккі алаяқ ақшаны темір жол вокзалындағы жүк сақтау қоймасындағы киімдердің арасына салып, үлкен ала дорбаға тығып қойыпты. Қолға түсті-ау, залым.

Бекзаттың ісі сотқа жіберіліп сонда қаралатын болды.

Сот залына кірген Бекзат судьяны көргенде денесі мұздап қоя берді. Жұрттың барлығын алдап-соғып, жетер-жеріне жеткен алаяқтың ісін қарайтын судья баяғы Арзу болып шықты. Енді құтылмасын сезген Бекзат сотқа артқан ең соңғы үмітінен айрылды. Иә, айлакерлікке дағдыланған қу, әккі, алаяқтың жазасын бұ дүниеде болмаса да ана дүниеде Алла берер еді. Мұны Бекзат түсінбеген күйі Арзуға іштей кінә артып, қолы кісенделіп, басын төмен салып, тағы бір амал іздегендей сот залынан сормаңдай күйге түсіп, түрмеге кетіп бара жатты.

Ә.ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4423 Тапсырыс №1521

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақмарал ОЛЖАБАЙ